

Шал ақын ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 22 сәуірінен N 92 "Шал ақын ауданы бойынша 2011 жылы субсидияланатын басымды ауыл шаруашылығы дақылдарының әр түрі бойынша егіс жүргізудің тиімді мерзімдерін анықтау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 2 маусымдағы N 125 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 6 маусымда N 13-14-129 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 22 мамырдағы N 156 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын аудандық әкімдігінің 22.05.2012 N 156 қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31 бабы 1 тармағы 5) тармақшасына сәйкес, 2011 жылдың 26 мамырынан № 77 «Солтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ұсыныстары негізінде, аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. (2011 жылдың 6 мамырынан аудандық «Парыз» және «Новатор» газеттерінде жарияланған, 2011 жылдың 4 мамырынан мемлекеттік тіркеу нөмірі 13-14-127) Шал ақын ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 22 сәуірінен № 92 «Шал ақын ауданы бойынша 2011 жылы субсидияланатын басымды ауылшаруашылығы дақылдарының әр түрі бойынша егіс жүргізудің тиімді мерзімдерін анықтау туралы» қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасына:

орташа кеш, орташа пісетін жаздық бидай егудің тиімді мерзімін 4 маусымға дейін қоса, орташа ерте пісетін жаздық бидай егудің тиімді мерзімін 8 маусымға дейін қоса ұзартылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Қ. Жақсыбаева жүктелсін.

3. Осы қаулы оның ресми жарияланған күннен қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК